

К.М.Метербаева¹, Ф.З.Таубаева²

*¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық мазмұны қарастырылады. Баланың өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беруде мектепке дейінгі ұйымның рөлі айқындалады. Мектепке дейінгі ұйымда әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын дара тұлға болып қалыптасуына ықпал ете отырып, оқыту үрдісі барысында әрбір баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай туғызып білім беруді ұйымдастыруды қажет етуге назар аударылған. Сондай-ақ, «әлеуметтік», «құзыреттілік», «әлеуметтік құзыреттілік» ұғымдарына теориялық талдау жасалынған. Талданған ұғымдар нәтижесінде баланың қоғамдық ортаға белсенді түрде кірігуіне, бейімделуіне, әлеуметтенуіне, яғни, болашақта «әлеуметтік құзыреттілігі қалыптасқан» тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік беретін жаңа мазмұнды әдістемені жасау мектепке дейінгі білім берудің алдына қойылған міндет екендігі айтылады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім, қоғамдық орта, әлеуметтік, құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, әлеуметтік орта, білім беруді ұйымдастыру

К.Метербаева¹, Г.Таубаева²

*¹ Kazakh national women's pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

*² Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THEORETICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF SOCIAL COMPETENCE OF PRESCHOOL CHILDREN

Abstract

This article discusses the theoretical content of the formation of social competence of preschool children. The role of the preschool organization in creating all conditions for the child to realize their personal capabilities, to help identify and reveal their individuality is determined. In pre-school organizations, promoting the formation of a unique personality in the process of education and upbringing, special attention is paid to creating conditions for the adaptation of each child to the social environment and the organization of education. As a result of the theoretical analysis of the concept of "social competence", the author notes that an important task of preschool education is to develop a new meaningful methodology that allows the child to actively integrate and adapt in the social environment and become a socially competent person in the future

Keywords: preschool education, public secondary education, sociology, competence, social competence, social environment, educational organization

К.М.Метербаева¹, Г.З.Таубаева²

¹Казахский национальный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

В данной статье рассматривается теоретическое содержание формирования социальной компетентности детей дошкольного возраста. Определяется роль дошкольной организации в создании ребенку всех условий для реализации своих личностных возможностей, содействия выявлению и раскрытию индивидуальности. В дошкольной организации, способствуя становлению в процессе обучения и воспитания неповторимой личности, особое внимание уделяется созданию условий для адаптации каждого ребенка к социальной среде и организации образования. В результате проведенного теоретического анализа понятия «социальная компетентность» автор отмечает, что важной задачей дошкольного образования является разработка новой содержательной методики, позволяющей ребенку активно интегрироваться и адаптироваться в общественной среде и становиться в будущем социально компетентной личностью.

Ключевые слова: дошкольное образование, общественное среднее, социология, компетентность, социальная компетентность, социальная среда, организация образования

Кіріспе. Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 арналған мемлекеттік бағдарламасында «әлеуметтік бала күтуші» үй тәрбиешілерін енгізу балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларының өзгеруі, оларды мектепке даярлаудың күшейтілуі, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларының мазмұнын жаңарту; 3-6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 % қамту - деп көрсетілген [1]. Әрине, бұл бүгінгі қоғам сұранысынан туындап отырған мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесіне басымдық берілуі, мектепке дейінгі ұйымдарда оқу қызметін жаңаша тұрғыда ұйымдастыра отырып, олардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға мән берілу қажеттілігін меңзейді. Соған орай, қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім берудің мазмұнын жетілдіру болып табылады. Білім берудің мазмұны балаларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, бала тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталады.

Осы міндеттерге сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты – баланың өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру. Мектепке дейінгі ұйымда әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Оқыту үрдісі барысында әрбір баланың әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай туғызып білім беруді ұйымдастыруды қажет етеді.

Зерттеу әдістемесі. Педагогикалық сөздікте әлеумет - қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде жамағат, қауым, жұртшылық, мағынасында қолданылған ұғым [2]. Ол отбасынан, ағайын, туыс, жекжат-жұраттан бастап, ел-жұрт мағынасына дейін қамтиды.

Әлеуметтік - бұл нақты уақыт пен белгілі орында жеке адамдардың немесе жеке адамдар топтарының бірлесе еткен қызметінің процесі барысында ықпалдасқан сол қоғамның қоғамдық қатынастарының жиынтығы [3]. Кез келген қоғамдық қатынастар (экономикалық, саяси, т.б.) жүйесі адамдардың бір-біріне және қоғамға қатынастарына қатысты болды. Сондықтан бұл жүйелердің әрқайсысының өзіндік нақты әлеуметтік аспектісі бар.

Әлеуметтік - бұл адамдардың өзара әрекетінің барысында пайда болады, нақты қоғамдық құрылымда олардың алатын орны мен ролін анықтайды. Бұл өз кезегінде, жеке адамдар мен жеке адамдар топтарының қоғамдық өмір құбылыстары мен процестеріндегі әртүрлі қатынастарынан көрінеді.

Ұлттық энциклопедиясында «құзыреттілік» –автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет; көп рет қайталау жолымен қалыптасады. Оқыту процесінде, әсіресе, жалпы оқу дағдыларын, пәнаралық мәндегі, жазу дағдыларын қалыптастыру қажет [4].

Қандай да болмасын дағдыны бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды. Ал үйретуде тәрбиеші дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді, түсіндіреді, балалар оның орындалуын бақылайды. Осы процесс, сыртқы әрекеттің адамның бойына сінуі, ішкі психикалыққа айналуы интериоризация деп аталады, яғни сыртқы заттық әрекеттің ақыл-ойға, санаға өтуі. Мұндай процесті оқытуда баланың ақыл-ой әрекетін қалыптастыру саласында психолог П.Я.Гальперин және оның шәкірттері зерттеу жүргізген. Ол зерттеуі бойынша баланың ақыл-ой әрекетін қалыптастыруға болатынын дәлелдеген [5]. Мұнда дағды мен шеберліктің қалыптасу ұзақтығы да, оның нәтижесі де (беріктігі, саналылығы, жинақтылығы) ақыл-ой әрекетін қалыптастыру процесін ұйымдастыруға байланысты екені көрсетіледі. Бұдан біз, балаларда қалыптасатын әлеуметтік дағдылардың басты жауапкершілігі тәрбиешіге жүктелетінін көреміз. Бұларға қойылатын талаптарды төмендегіше топтаймыз:

- қандай да болмасын дағдыны қалыптастырудың өзі балаларға бағыт беру, түсіндіруден басталады;
- әрекеттің материалдық түрде қалыптасуы. Бала көргенін орындайды, бірақ бұл әлі сыртқы, материалдық формада болады;
- әрекеттің сыртқы сөйлеуі ретінде көрінуі. Балалар күрделі әрекеттерді бөліп-бөліп орындалады, мұнда олар дауыстап сөйлеп отырады.
- әрекетті ішінен сөйлеп отырып орындайды. Олар дағды мен шеберлікке саналы түрде үйренеді, әрбір қимылды не үшін, не мақсатпен орындайтынын біледі.
- дағдының толық, қалыптасуы.

Зерттеу нәтижелері. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда төмендегідей мәселелерге көңіл бөлгенде ғана нәтижелі болмақ.

- тәрбиеші қандай іс-әрекет болмасын үлгісін беруі қажет;
- балаға жан-жағындағы адамдармен қарым-қатынас жасауды үйретуі;
- қатарластарымен қарым-қатынас жасаған кездегі сәтті қадамдары үшін баланы марапаттап отыру;
- мектепке дейінгі жастағы балаларға қатарластарымен араласу өте маңызды. Мақсатқа жету үшін күш емес, сөздерді қолдану керек екенін түсіндіру;
- баланың естияр шағында әр адамның өзіндік ерекшеліктері болатынын түсіндіруге тырысу;
- өзгелердің мықты және осал тұстарына құрметпен қарап, айналасындағылардың кемшіліктерін күлкі етпеді үйрету. Өзінің талантын өз еңбегімен шыңдай алатын орта жасап беріп, осы арқылы ол өзін дамытып, өзгелердің сәтсіздіктеріне түсіністікпен қарай алуы керек.

Баланы оқшаулап тәрбиелеу – дұрыс әдіс емес. Бала ерте жастан қоғамғамен қарым-қатынас орнатуды үйренуі керек. Тәрбиешінің берген тәрбиесіне сай оның ұжымдағы өзін еркін сезінуі, достасуы, жалпы қоғаммен байланыс жасай алу дағдылары қалыптасады. Бала амандасудан, құшақтасудан немесе қол алысудан бас тартса – оның бұл шешімін сыйлау керек. Баланы еркінен тыс қандай да бір әрекетке мәжбүрлемеңіз. Бұл жағдайға аса көп мән бермей, баланың орнына өзіңіз амандасыңыз. Әңгімені басқа жаққа бұрып жіберіңіз. Бұл өте маңызды кеңес, себебі мұндай жағдайдағы жағымсыз реакция немесе агрессия балаға кері әсер етеді.

Көп жағдайда балалар әдептілік ережелерінің қажеттілігін түсіне бермейді. Оларға бұл рәсімдердің барлығы қызық емес көрінеді. Балаға әдептілік ережелерінің қажеттілігін, маңызын да түсіндіріп отырған жөн.

Зерттеу нәтижесінде ғалымдардың балабақшада үздік нәтижеге жетуге әсер ететін балалардың негізгі қарым-қатынас дағдыларын атап көрсеткен. Олар:

- өзгелерді тыңдай білу;
- нұсқаулыққа сәйкес әрекет ету;
- ережелерді сақтау;
- алаңдататын факторларға мән бермеу;
- көмек сұрау;
- кезекпен сөйлеу;
- айналадағы адамдармен тіл табысу;

- басқа адамдармен қарым-қатынас жасауда сабырлық сақтау;
- өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау;
- әлеуметтік әлемде өзара қарым-қатынас жасау;
- өзгелерді қуанта білу.

Әлеуметтік құзыреттілікті ерінбей дайындалу мен қайталау арқылы қалыптастыруға болады. Мысалы, балаға әңгімені жалғастыруға мүмкіндік беретін бірнеше сұрақ қойсақ, олар бір-бірімен пікірлесуге әрекет етіп, командалық жұмыс жасай алуға дағдыланады. Бұған тәрбиеші балалардың жас ерекшелігіне сәйкес, рухани өсуіне байланысты тапсырмаларды өзгертіп отыруы қажет.

Пікірталас. Жоғарыдағы айтылған теориялық идеяларға сүйене отырып, дағды ұғымы:– алған білімін пайдалана білу қабілеті; әлеуметтік даму деңгейіне сәйкес келетін және қоршаған ортаның әсер ету факторларына төтеп бере алатын тұлғаның интегративті қасиеттер жиынтығы.

Әрбір адам қалыптасып, дамып тұлға, дербес адамға айналғанша өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік жүйенің мәдени мұралары мен құндылықтарын игеруде өзіне тән жолдары мен сатылардан өтеді.

Әлеуметтендіру үрдісі әлеуметтіктен тыс қалған адамды тәрбие арқылы әлеуметтендіріп, сол қоғамға сай өмір сүруге дағдыландырады. Бұл үрдіс жеке бастың жас ерекшелігіне байланысты күрделеніп, өзгеріске ұшырайды.

«Әлеуметтендіру» ұғымы «әлеуметтік» терминімен түбірі бір, яғни (латынша «socialis») әлеуметтік, қоғамдық деген ұғымдарды білдіреді. Әлеуметтену - индивидтің нақты қоғамға, әлеуметтік топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін игеріп, тұлғаға айналу процесі болса, «құзыреттілік» ұғымы «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген: «құзыр» - жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» дегенді білдіреді [6].

Құзырет – бұл іс-әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады.

Ұлттық энциклопедиясында «құзырет» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген [4].

Құзыреттілік – белгілі бір іс-әрекетті сапалы және өнімді түрде орындауда қажет болатын белгілі бір заттар мен процестерге қатысты белгіленетін тұлғаның өзара байланысқан сапаларының (білімі, іскерлігі, дағдылары, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы.

Әлеуметтік құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір тәжірибелік және теориялық мәселелерді шешуде қолдана алу мен тұлғаның белгілі іс - әрекетке өз бетімен әрі нәтижелі араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігі деп тұжырымдаймыз. Ол ең әуелі мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу - тәрбие үдерісінде қалыптасады.

Әлеумет, әлеуметтік құзыреттілік ұғымдарына жасалынған теориялық талдау негізінде, біз әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметтік мақсаттарға жетісу мақсатымен басқа адамдармен тиісті байланыс орната білу қабілеті. Түсінікті сөйлеу, нақты іс-әрекетке көшу, үйренгендерін ұтымды пайдалану деп тұжырымдай отырып, әлеуметтік құзыреттілік – қоғамдағы өмір сүрудің нормалары мен ережелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар деп анықтама береміз.

Мектепке дейінгі шақ адамның өзгермелі әлеуметтік ортаға үйлесімді әрі нәтижелі бейімделуі жетілдірілетін және өзге адамдар арасында өзіндік «Менін» бөліп көрсету қабілеті қалыптасатын кезең. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуы–қарым – қатынаста және іс – әрекетте жүзеге асырылатын әлеуметтік тәжірибені игеру, белсенді қайта жаңғырту үдерісі және нәтижесі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік дамытудағы негізгі мағына – олардың адамның қоғамдық қалпын меңгеруі. Қабылдау, сезіну, өзін – өзі бағалау мен өзін – өзі бекітуден әлеуметтік жауапкершілікке деген өзіндік сана – сезім, интериоризацияланған әлеуметтік мотивтер, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға деген қажеттілік, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде субъективті түрде сезіну, қоғамдағы өз орнын түсінуге дейінгі жағдайларды меңгеруі.

Қорытынды. Балалар тұлғасының қалыптасуындағы әлеуметтік дамытудың негізгі мағынасы - балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін ұйымдастырылған түрде жүзеге асырудағы мағына. Бұл жұмыс ерте кезден жүзеге асырылатын болса, тұлғаның қалыптасуы тиімдірек болмақ. Өйткені балалалық шақта меңгерілген сапалар өте берік әрі қалыптасу үдерісінің келесі деңгейіне белсенді түрде әсер етеді. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім берудің алдына жаңа қағидалы міндет қойылады – баланың қоғамдық ортаға белсенді түрде кірігуіне, бейімделуіне, әлеуметтенуіне, яғни, болашақта әлеуметтік құзыреттілігі қалыптасқан тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік беретін жаңа мазмұнды әдістемені жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ.Т. Педагогикалық сөздік. –Түркістан, 2006.
3. Қарсыбаева Р.К. Бастауыш сынып оқушыларына әлеуметтік тәрбие беру//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Педагогика ғылымдар сериясы», №1 (57), 2018.- 300-303 бб.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы 1-том. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. – Алматы, 1998.
5. Милорадова Н.Г. Психология управления в условиях стабильной неопределенности: учебное пособие.– Москва, 2013
6. Психологиялық -педагогикалық сөздік. Екінші басылымы- Алматы: «Арыс» баспасы, 2011
7. Agranovich, Ye., Amirova, A. Ageyeva, L., Lebedeva, L., Aldibekova, Sh., Uaidullakyzu, E. (2019). The Formation of Self-Organizational Skills of Student's Academic Activity on the Basis of 'Time Management' Technology. *International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET)*, 14(22), 95-110. <https://online-journals.org/index.php/i-jet/article/view/11755>/ <https://doi.org/10.3991/ijet.v14i22.11755>

МРНТИ 14.29.29

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-5496.56>

Г.Б.Ибатова¹

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мектепке дейінгі жастағы балаларда жиі кездесетін тіл кемшілігінің түрі- сөйлеу тілінің жалпы дамымауы. Мақалада осы тіл кемшілігі бар мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру әдістемелерін қолдану ерекшеліктері берілген. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған эксперименттік оқыту нәтижелерін талдай келе, мынандай қорытынды жасадық: балаларда эксперимент барысында сөзжасам түсініктері, білім, білік және ауызша сөйлеу тілінде практикалық қолдану дағдылары толық қалыптасты. Қалыптастырушы экспериментте алынған тапсырмалар осы балаларда сөйлеу қабілетінің құрамы ретінде, сөзжасам дағдыларының қалыптасқанын сенімді айтуға мүмкіндік береді.

Мұндай жетістік, сөйлеу тілінің дамымауы кезіндегі жалпы түзете-тәрбиелеу үрдісіндегі ықпал етудің жалпы тиімділігінің жоғарылауында көрініс тапты.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелерін талдау, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасамын қалыптастыруға, арнайы құрастырылған білім беру моделінің негізделгендігі мен өнімділігін дәлелдеді. Қалыптастырушы эксперимент, осы моделді түзете-тәрбиелеп ықпал етудің жалпы жүйесінде қолданғанда жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасау қабілетін тиімді қалыптастыруға мүмкіндік беретінін көрсетті.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі жастағы балалар, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, қалыптастыру эксперименті, сөзжасам, туынды сөз, жұрнақ, мектепте оқуға дайындау.